

А 2006

119 19 к

ОСЖАО

СУЛЕЙМЕНОВ

Тандамалы
туындылары



«Өлең — сөздің патшасы...»

Абай





л 2008/11919к

№3 3

ББК 84 Каз 7-2
С 90

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ

Таңдамалы
туындылары

ПОЭМАЛАР
СЦЕНАРИЙ




Аударған

Қадыр Мырза Әли

Алматы

«Жібек жолы»

2005



ББК 84 Каз 7–5

С 90

*Қазақстан Республикасы Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат
комитетінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

С 90 Сүлейменов О.

Таңдамалы туындылары. Поэмалар, сценарий / Ауд.
Қ. Мырза Әли. — Алматы: Жібек жолы, 2005. — 336 бет.

ISBN 9965-759-20-0

Көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің екі томдық туындылар жинағының екінші томына «Адамға табын, Жер, енді», «Құмырсқа», «Қыш кітап», т.б. поэмалары, ұлы ақын Махамбеттің өміріне арнап жазған «Қызыл жусан» атты екі сериялы көркем фильмнің сценарийі енді.

Басылым ақынның туғанына 70 жыл толуына орай жарық көріп отыр.

**С 4702250202
430(05)–05**

ББК 84 Каз 7-5

ISBN 9965-759-20-0 (2-т.)

ISBN 9965-759-18-9

© Сүлейменов О., 2005

© Мырза Әли Қ., аударма, 2005

© «Жібек жолы», көркемделуі, 2005

Поэмалар

■ «Көңіл көкжиегі» кітабынан

■ «Нұрлы түндер» кітабынан

■ «Көңіл көкжиегі» кітабынан

■ «Қыш кітап» кітабынан

АДАМҒА ТАБЫН, ЖЕР, ЕНДІ

Ю.А. Гагаринге арналады

...Неліктен
Жуық жұлдыз ұран бізге?
Неліктен
Жыр арқауы — қыран түзде?
Неліктен
Сұлулықтың асқақ бәрі?
Неліктен?
Жауап берер жырауды ізде!

Суарып дариялар даламызды,
Жарықпен жайнатады қаламызды.
Жүрек-Жер айналады ұршығында
Шүйкедей ширатып сай-саламызды.

Күйінсең,
Қиялы ұшқыр жаңдай күйін.
Ғарышта
Жермен бірге самғайды үйің.
Көмескі —
Бір көрініп.
Бір жоғалған,—
Жұлдызға жол салу, дос, қандай қиын!

Болмаған кезде сәуле-жарық елде,
Үштасып берімен де,
Әрімен де,
Нұр болып түн-түнекті түріп тастау
Қиындау,
Қиынырақ бәрінен де!

Қиындау,
Қиындықсыз бола ма сын!
Жолың тап,
Сыпыр қиял томағасын!
Кәдімгі біз өткен жол —
Сонау жарық
Жұдызға жеткізетін жол анасы.

I

Сәуірдің сұлу таңы:
Алдайды нұр,
Аспанға,
Ақша бұлтқа қанбайды қыр.
Әлемнің шексіздігі
Еске кенет
Түсті ме?
Зәре-құтың қалмайды бір...

Аспанның ақ иық бір кемесінде
Айталық,
Ағып ұшып келесің деп.
Айталық,
Асау көңіл орынында,
Айталық,
Әннен басқа жоқ есінде.

Күбірлеп отырасың,
Өлең айтып,
Сезбейсің
Кеп қалғанын пәле қайтып.
Самолет қалш-қалш етіп,
Жұтқалы бір
Жатқандай болады оны қомағай түп.

Бола ма биік көкті аласартып.
Әйнекке жабысасың,
Ауа салқын...
Көзіңе жылы ұшырап алыс оттар,
Кетеді бәрінің тез бағасы артып.

Түседі ә дегенше бәрі есіңе,
Қайтесің
Кез болған соң көресіңе.
Жай кезде ойда тұрмас арзан сәттер
Тірліктің айналады төресіне.

Күн мен ай,
Апта мен жыл
Ғашық еткен,
Ғасыр да
Сезім қылын басып өткен,
Жарқылдақ қуаныш пен
Шыбыртқы үрей...
Бәрін де еске алады басың ептеп.

Әйнекке жақындайсыз,
Түнейтін ел
Осы ма Жер дегенің?
Дүлей түнек!
«Сіздікі,— дейді,— кезек!»— асықтырып,
«Жоқ!»— дейсіз,—
Мен ақырын тілейтін ем!»

Ендеше
Мен қарғиын!
Қалбалақтап
Келемін,
Соқты сұмдық алдан аптап.
Түнекті тіліп өтіп денем менің,
Қарсы ұшты қара жер де қаңғалақтап.

Парашют жайды көкте желегін көк,
Тып-тынық,
Тыныш аспан әлемің де.
Серіксіз
Әндегемін,
Күлем сосын,
Рақат!
Қорықпаймын өлемін деп.

Мынау Жер,
Нағыз бейіш-бақшаң мұнда,
Парашиот басты арынын шапшаңның да.
Табаным тиіп жерге қараңғыда,
Ақырын қондым келіп көк шалғынға...

Үзіліп шықтық Жерден ақыры біз!
О, Адам!
Адам нағыз батырыңыз!
Бір ғасыр бір-ақ сәтте өте шықты,
Шаттықтан шатынап бар шатырымыз.

Үзгенде қолын жерден Адам-атам,
Басталған тұңғыш ғасыр,
Ғаламат ән.
Көтеріп тұрған зілдей қолын жанға
Жер беті болмай ма таң,
Бола ма таң?!

Бұл нағыз жеңіс еді.
Болды қызық.
Сен Жерден Адамды да алдың үзіп.
Ғарышты қара түнек нұрландырып
Басталды жаңа ғасыр,
Заңды бұзып.

...Жымыдын.
Қол бұлғадың.
Басқа мұнда
Арман жоқ,
Арман ғарыш-аспанында.
Сәуірдің өзің жұтқан бал ауасы
Қартада қала барды
Қас-қағымда.

Әйнекте — Туған Жерің,
Жалды қырың,
Әдемі әннен ыстық мал дүбірі.
Үн-түнсіз тұрды достар полигонда,
«Ертерек емес пе?!» — деп қалды бірі.

Иә, дос,
Қайнайды өстіп миында қан,
Ол үшін,
Валя үшін де қиын маған.
Міндетті бірақ та ол,
Міндеттіміз.
Осылай дейді халқын,
Үйінде анаң.

Әскери парыз — басу ыстық қанды.
Емес ол жасығандық,
Бастыққандық.
Таң ата,
Жұлдыз сөне
Жер бауырлап,
Барлаушы кетпеуші ме ед өстіп мәңгі.

Жарқылдап алмас қанжар жүзі кекті,
Қаншама жаудың шебін бұзып өтті.
Жалпы, дос, барлауға біз шықтық ерте
Су кешіп,
Кейде, тіпті, сүзіп отты.

Белде сол суық қару,
Сызды құты.
Жылжыдық жер бауырлап,
Мұзды мытып.
Жылжыдық жұлдыз тордың астыменен.
Оқопта ел үнсіз жатты бізді күтіп.

Ал енді.
Дүниені «Ох!»— дегізген
Батырмен жүргендейміз көкте біз де.
Ол қазір тас қараңғы,
Дүлей түнек
Ғарыштан жүр ертеңге өткел іздеп.

II

Ғашықпын,
Сұлулыққа ғашықпын мен.
Сұлулық қымбат маған ашық күннен.
Сол үшін,
Өзім мақтап,
Өзім даттап,
Миын да жаратқанның ашыттым мен.

Бұйырса,
Шөлге көл боп түнегенмін.
Жел болып көк теңізде түлегенмін.
Қара жер,
Кәрия жер,
Табын маған!
Тәңірің,
Құдайың да — мына менмін!

Бірінші ғасыр мазмұн-мән әкелді.
Жолдарға жан бітірді,
Сән әкелді.
Ғасыры болды ол іздеу,
Адасудың.
Ғасыры болды ол бақыт,
Тәуекелдің.

Ғасыры болды ол алмас алдаспанның,
Өліспей беріспеудің,
Дауласқанның.
Ғасыры болды талақ пәрмендер мен
Жарқын жыр айтып жүріп тау асқанның.

Шапанды желкен қылған дала-дастан.
Қыранға қия-құзбен жағаласқан
Сұр жебе зу еткенде,
Мамық жауып,
Қыранның үстіне кеп құлады аспан.

Ажалды басып озған аңдамай да
Арғымақ арынды бұл алды қайдан!
Қай жерде басылса егер екпін-қарқын,
Сол жерде ақырғы айқас,
Қанды майдан.

Қаһарман —
Қатарынан биік кісі,
Қолында қайқы қылыш,
Сүйіктісі,
Оның да алапат бір арыны бар
Жататын тиген жерін қиып түсіп.

Шалғынның жоқтау айтқан желі мұңды
Еске сап аңыраған долы күнді,
Азынап арғымағың,
Ақырғы рет
Айналып өтеді бір өлігіңді.

Өлімнен күшті келген ұят қандай!
Кәдімгі жасын ойнап, жай атқандай.
Жаңғыртып дүниені құлайды ер,
Жаңғырық жеті атаңды оятқандай!

О, баба!
Көзің сенің көкті кезген
Іздейді не қалды деп отты кезден.
Безбүйрек барақ жұлдыз
Сонда саған
Қарайды бедірейіп кекті көзбен.

Теңселіп Ай да көкте,
Сайраңдаған
Қара Жер зыр айналып,
Ойрандалған
Дүние дөңгелесе,
Жалбарынбас
Қапсағай,
Апай төсті қайран бабам!

...Теңізді қақпас құдай атты неге,
Талқан боп қуық қайық батты неге.
Сырақор жігіттерді бауырына ап
Бискайда шөгіп бара жатты кеме.

Жігіттер жағалауды сүйетін-ді.
Қыз үшін,
Қалжың үшін күйетін-ді.
Ал бүгін апрельдің жиырмасында
Бискайдан жәрдем сұрап жиі өтінді.

Байқаймын,
Радиске сөз өтпейді.
Капитан ромында кезек дейді.
Безбүйрек эфирменен бетпе-бет кеп,
«Хабар бер!
Хабар бер!»— деп безектейді.

Сайрайды ойда қыздар,
Қырда қыздар.
«Тыңдаңыз!
Тыңдаңыздар!
Тыңдаңыздар!»
Там!
Там!
Там!—
Дүниені дүрліктірген
Хабардан
Жаңғырықты шыңда мұздар.

Шыққандай алғаш рет шаранадан
Үзіліп шықты-ау Адам Жер-анадан.
Ақыры жеңіп тынған ер перзентке
Долы деп,
Дарқан деп ел қарамаған.

Тынымсыз морзе әуені ауа кезген.
Масаңдау радиске талап өзге...
Жоғалып шатқалдардан сай-сай әжім,
Қарайды мұхит көкке ала көзбен.

...Бейтаныс өткен өмір.
Көгерсе етті
Келешек әкелетін өнер сәтті.
Сары ала погоны бар шапан менен
Қанжардан басқа музей не көрсетті!

Түйреуіш,
Шашбау,
Моншақ,
Пышақ,
Тиек,
Тағы да сондай-сондай ұсақ-түйек...
Бәрі ескі,
Бәрі тоз-тоз,
Барлығын да
Жеп қойған заман өзі ұсап күйе.

Сол кезді,
Сол кезеңді көгермегір
Музейден тапқан ұрпақ сенер ме еді.
Ақшаңа көргің келген
Сол тұйықтан
Шықсам деп,
Ата-бабаң не бермеді!

Өшіріп заман үні адам үнін,
Бәрі өтті,
Өтті ақымақ,
Саналы күн.
Сәуледей ойнап бетте
Өтіп жатты
Әр күннің өзіне тән жаңалығы.

Бұл шығыс әшекейлі,
Мраморлы
Бір ғасыр кейін қалып,—
Құдай ұрғыр!—
Қозғалды жарықтан да жылдамырақ
Арбадан зымыранға бір-ақ ырғып.

Ымырат киіз үйді бұрап жықты,
Шарықты скафандр жалап-жұтты.
Надан ел
Үш миллион томдығы бар
Ленин кітапханасынан бір-ақ шықты.

Сауатын аш наркомдар көсеп қойса,
Тұрды алда
Маркстен соң есеп-қисап.
Бірақ та жолдан
Тайған жан болған жоқ,
Күлгенмен бізге талай есек-найсап.

Күн өтті,
Жылдар өтті қайтер ек деп.
Өрімтал айналды шоң бәйтерекке.
Шығысым,
Бұл Жер саған
Жазылашақ
Сақтады қанша кітап ертеректе.

Түбінде ұғар соқыр-басырың да,
Ұғынар түк ұқпайтын тасырың да.
Біз қалай құлап тұрдық,
О, Шығысым,
Безбүйрек ең бірінші ғасырыңда.

Көк аспан көзге күйік,
Қарғымақты
Қалаймын,
Қайда қоям нар қуатты.
Моланы,
Даланы да талақ қылып,
Самғасам,
Жетекке алып арғымақты.

О, қарқын!
Қарқынқұмар ұрандамақ.
Қан тасыр

Қарсы алдыңда бұрандап ат.
Күйғытсаң,
Қанатыңды қаққың келер,
Түйіліп топшыңдай бір қыран қабақ.

Мазақтап күз-қияны,
Батыр атты
Сенеді өңіне көк
Жапырақтың,
Ғасырлар құзырынан жаралған Біз
Өбеміз
Жан өпpegен топырақты.

Жер нұры үзенгілес,
Қатарымда.
Көп нәрсе көрінбейді отты арында.
Үстінде туған жердің
Қағар едім,
Көрінбес қанат жұлдыз сапарыңда.

III

Ғашықпын, өмір, саған
Көктем үшін,
Қорқыныш-үрей үшін,
От дем үшін.
Ғашықпын, өмір, саған
Азды-көпті
Дәміңнің бұйырғаны,
Жеткені үшін.

Ғашықпын, өмір, саған
Көздер үшін,
Тәуекел,
Емін-еркін сөздер үшін.
Ғашықпын
Ащы Атырау толқынының
Бұрқанып көбік шашқан кездері үшін.

Белок пен жаннан Адам тұрады-мыс,
Оларға қараған күн бір-ақ уыс.
Жазира Жер бетінде
Тек екеуміз
Қала алсақ,
Іске асар ма ұранымыз.

Ғашықпын, өмір, саған
Жүрек үшін,
Сарғайған сағыныштан рең үшін.
Ғашықпын, өмір, саған
Валя арудың
Нәп-нәзік
Әйелге тән білегі үшін.

Ғашықпын, өмір, саған,
Тыңдасаң-ды.
Дөрекі еркек жаны,
Бұл да сөнді.
Бел буып тәуекелге,
Өмір, сені
Атынан сарбаздардың сынға салдым.

Жұлдыздар
Тастағандай шашып бәрін
Қыранға ұқсайды бір қашықтағы.
Қарайсың, Валя, оларға көзіңді алмай,
Әдеті ол сүйгендердің,
Ғашықтардың.

Әйелі ақиықтың таласқан ба,
«Қашан?»— деп сұрамайды бел асқанда.
О, Валя,
Біздің қыран ұшармандар
Сезеді қанша назар көк аспаңда!

Жазира бар ма мына далама тең!
Ғарышқа сол даламды ала кетем.
Аспанның сәуірдегі сан жолыңда
Ақ жолы Гагариннің алабетен.

Осы жол қайқаң етіп
Аспанға бір
Атылған асқақ шыңдай
Асқанда қыр.
Сақина жасап ұшып,
Мұзбалақтар
Қонады төңіректі басқанда іңір.

Сенім мол,
Ұсынатын қол ұшын бір
Жүрек бар,
Махаббат бар ол үшін нұр.
Замполит сұрайды одан Валя жайлы,
Сүйетін ондай жанның жоғы шын-ды.

Ақ әжем дейді, әдетте, баласы елін.
Арулар —
Адамзаттың дауасы-емі.
Асылдың барлығын біз әлемдегі
Атыңмен атап жүрміз,
Ана, сенің!

Ел де — ана,
Тарих та — ана,
Өлең де — ана.
Анамыз — мынау байтақ ғалам-дала.
Есімі Бостандықтың,
Табиғаттың,—
Бәрі ана,
Анаң барда алаңдама!

Әйелдік нәзіктік бар аспанда да,
Нәзіктік бар батырлық дастандарда,
Ерлердің бас жағында отырады,
Ауырса,
Әйел заты асқан дана.

Мұң да әйел,
Боран да әйел,
Желің де әйел.

Даң та,
Өмір,
Тағдыр,
Өлім де әйел.
Ғашықпын, өмір, саған,
Сен өйткені
Мен үшін сүйікті жар,
Сенімді әйел.

Мұхиттар
Ақ ізіңе көк көзімен
Таң қалып қараған-ақ жоқ па өзіңе!
Телмірдім мен де сонда қырда тұрып,
Сұңқардай самғап өткен от кезіңе.

Байқамай қалғандар аз бағытыңды,
Арқалап ұштың жұлдыз,
Тағы түнді.
Қалдырып қызға мақтан,
Жарға – үрей,
Ал маған
Ақын жанды шабытыңды.

Жігітсің
Ерлік,
Сенім талап еткен.
Ғарыш пен Жер картасын ала кеткен.
Жұмыр Жер
Түрлі-түсті жол иірген
Ұршыққа ұқсайды ма
Қара көктен.

Өзіңсің ел көрмеген қызық көрген:
Жол соңын,
Шаршы,
Жазық,
Жүзік-керме,
Қырат-бел,
Өңі жылы Кубаны да
Шығысқа қарай ештеп жүзіп берген.

Болса деп көтеріліс ескі үйінде,
Ескі үй — Жер,
Самғадың сен тас түйін боп.
Самғадың тарих үнін тыңдайын деп,
Ел үнін алыстан бір естиін деп.

«Кәдімгі Леопольдвил жала-дауда...
Балықтай біреулерді қамады ауға...
Оқ тиді біреулерге Атласта...
Жастардың слеті өтті Алатауда...»

Қолдағы қару-жарақ қауіпті еткен
Үнді,
Араб,
Негр — бәрі тауыпты өткел...
Ақ үйдің қабырғасы қан сасиды...
Қара ту Эладаны жауып кеткен...»

Сен қазір биіксің де,
Данасың да.
Жігітім,
Айтшы бізге баласынбай.
Жете ме Гвинея дегеніне?
Бола ма небір сұмдық әлі осындай?

Бір заман!
Құбыладан,
Түстігіннен
Сыр түйіп
Мықты бола түсті білем.
«Восток» па,
Әрлі-берлі өтеді ұшып
Белгілі,
Аян өмір үстіменен.

Ұшады ол өткен өмір үстіменен,
Шулатып мұхиттар мен құсты кілең.